Калий бар тағам қоспаларын/препараттарын, калий жинақтайтын диуретиктерді, құрамында калий бар ас тұзын алмастырғыштарды, әсіресе, бүйрек функциясы төмендеген пациенттерде қолдану қандағы калий мөлшерінің едәуір артуына алып келуі мүмкін. Гиперкалиемия күрделі, кейде өлімге ұшырататын жүрек ырғағының бұзылуларына әкелуі мүмкін. Егер Престариум дәрілік препаратын және жоғарыда көрсетілген препараттарды бірге қабылдау қажет болса, қан сарысуында калий мөлшерін жүйелі бақылау аясында емдеу абайлап жүргізілуі тиіс (4.5 бөлімін қараңыз).

Қант диабеті бар пациенттер

Препарат ішке қабылдауға арналған гипогликемиялық дәрілер немесе инсулин алып жүрген қант диабеті бар пациенттерге тағайындалғанда АӨФ тежегішімен емнің бірінші айы ішінде қандағы глюкоза концентрациясын жүйелі бақылап отыру қажет (4.5 бөлімін қараңыз).

Литий препараттары

Престариум дәрілік препараты мен литий препараттарын бірге қолдану ұсынылмайды (4.5 бөлімін қараңыз).

Калий жинақтайтын препараттар, калий препараттары, құрамында калий бар ас тұзын алмастырғыштар және тағам қоспалары

Периндоприл мен калий жинақтайтын препараттарды, сондай-ақ калий препараттарын, құрамында калий бар ас тұз алмастырғыштар мен тағам қоспаларын бірге қолдану ұсынылмайды (4.5 бөлімін қараңыз).

РААЖ қосарлы бөгеу

АӨФ тежегіштерін, ангиотензин II рецепторларының антагонистерін немесе алискренді бірге қолданудың артериялық гипотензия, гиперкалиемия қаупін және бүйрек функциясының төмендеуін (жедел бүйрек жеткіліксіздігін қоса) арттыратынын айғақтайтын деректер бар. Осылайша, АӨФ тежегіштерін, ангиотензин II рецепторларының антагонистерін немесе алискренді бірге қолдану жолымен РААЖ қосарлы бөгеуі ұсынылмайды (4.5 және 5.1 бөлімдерін қараңыз). Егер қосарлы бөгеу

көмегімен емдеу абсолютті қажет болып саналса, оны тек қатаң медициналық бақылаумен және бүйрек функциясын, қандағы электролит мөлшері мен артериялық қысымды жүйелі бақылаумен жүргізген жөн.

Диабеттік нефропатия бар пациенттерде АӨФ тежегіштерін ангиотензин II рецепторларының антагонистерімен біріктірілімде қолдану қарсы көрсетілімді (4.3 бөлімін қараңыз).

Бастапқы гиперальдостеронизм

Бастапқы гиперальдостеронизм бар пациенттер, әдетте, әсері РААЖ тежеуге негізделген гипертензияға қарсы препараттарға сезімтал емес. Демек, осындай пациенттерде аталған дәрілік препаратты қолдану ұсынылмайды.

Қосымша заттар

Престариум дәрілік препаратының құрамында лактоза моногидраты бар. Сирек кездесетін тұқым қуалайтын галактоза жақпаушылығы, лактаза тапшылығы немесе глюкоза-галактозалық мальабсорбция бар пациенттерге осы препаратты қабылдауға болмайды.

Балалар

Престариум дәрілік препараты, аталған жас тобындағы пациенттерде препаратты қолдану тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы деректер болмауына орай, 18 жасқа дейінгі балаларға ұсынылмайды.

4.10. Басқа дәрілік препараттармен өзара әрекеттесуі және өзара әрекеттесудің басқа түрлері

Клиникалық зерттеулер деректері АӨФ тежегіштерін, АРА II немесе алискренді бір мезгілде қабылдау нәтижесінде ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесін (РААЖ) қосарлы бөгеудің, РААЖ тарапына әсер ететін бір ғана препарат қолданылатын жағдайлармен салыстырғанда, артериялық гипотензия, гиперкалиемия және бүйрек функциясының бұзылулары (жедел бүйрек жеткіліксіздігін қоса) сияқты жағымсыз құбылыстардың туындау жиілігінің артуына алып келетінін көрсетеді (4.3, 4.4 және 5.1 бөлімдерін қараңыз).

Гиперкалиемия тудыратын дәрілік заттар

Кейбір дәрілік препараттар немесе басқа фармакологиялық кластар препараттары: алискирен және құрамында алискирен бар препараттар, калий тұздары, калий жинақтайтын диуретиктер, АӨФ тежегіштері, ангиотензин II рецепторларының антагонистері (АРА II), қабынуға қарсы стероидты емес препараттар (ҚҚСП), гепариндер, циклоспорин немесе такролимус сияқты иммунодепрессанттар, құрамында триметоприм бар дәрілік препараттар, оның ішінде сульфаметоксазол мен триметопримнің бекітілген біріктірілімі (Ко-тримоксазол) гиперкалиемияның даму қаупін арттыруы мүмкін.

Осы дәрілік препараттарды біріктіру гиперкалиемия қаупін арттырады.

Бірге қолдану қарсы көрсетілімді (4.3 бөлімін қараңыз)

Алискирен және құрамында алискирен бар дәрілік препараттар

Қант диабеті және/немесе бүйрек функциясының ауыр бұзылуы бар пациенттерде қарсы көрсетілімді және басқа пациенттерде ұсынылмайды: гиперкалиемия дамуы, бүйрек функциясының нашарлауы, жүрек-қантамыр ауруына шалдығу жиілігінің артуы және өлімге ұшырау қаупі артады.

АӨФ тежегіштері және ангиотензин рецепторларының антагонистерімен бірге ем

Диабеттік нефропатия бар пациенттерде АӨФ тежегіштерін ангиотензин II рецепторларының антагонистерімен (АРА II) біріктіріп қолдану қарсы көрсетілімді (4.3 бөлімін қараңыз).

Экстракорпоральді емдеу әдістері

Диализ немесе кейбір жоғары ағынды жарғақшалар (мысалы, полиакрилонитрилді жарғақшалар) қолданылатын гемофльтрация және декстран сульфаты пайдаланылатын тығыздығы төмен липопротеиндер аферезі сияқты қанның теріс зарядталған беткейлермен жанасуына алып келетін экстракорпоральді емдеу әдістері, ауыр анафилактоидты реакциялардың даму қаупіне орай, қарсы көрсетілімді (4.3 бөлімін қараңыз). Егер осылай емдеу қажет болса, диализдік жарғақшаның басқа типін немесе гипертензияға қарсы препараттардың басқа класын қолдану мүмкіндігін қарастыру керек.

Сакубитрил + валсартан

Периндоприлді құрамында сакубитрил + валсартан бар біріктірілген дәрілік препараттармен бірге қолдану қарсы көрсетілімді, өйткені АӨФ тежегішін қолданумен бір мезгілде неприлизин бәсеңдеуі ангионевроздық ісінудің даму қаупін арттыруы мүмкін. Құрамында сакубитрил + валсартан бар біріктірілген дәрілік препаратты периндоприлдің соңғы дозасын қабылдаудан кейін 36 сағат өткен соң барып қолдануға болады. Периндоприлді құрамында сакубитрил + валсартан бар біріктірілген дәрілік препараттың соңғы дозасын қабылдаудан кейін 36 сағат өткен соң барып қолдануға болады (4.3 және 4.4 бөлімдерін қараңыз).

Бірге қолдану ұсынылмайды (4.4 бөлімін қараңыз).

Алискирен және құрамында алискирен бар дәрілік препараттар

Қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы жоқ пациенттерде гиперкалиемия дамуы, бүйрек функциясының нашарлауы, жүрек-қантaмыр ауруына шалдығу жиілігінің артуы және өлімге ұшырау қаупі жоғары.

АӨФ тежегіштері және ангиотензин рецепторларының антагонистерімен бірге ем

Әдебиетте анықталған атеросклероз ауруы, жүрек жеткіліксіздігі немесе нысана-ағзаларды зақымдайтын қант диабеті бар пациенттерде АӨФ тежегішімен және АРА II-мен бір мезгілдегі емнің, РААЖ тарапына ықпал ететін бір ғана препаратты қолданумен салыстырғанда, артериялық гипотензия, естен тану, гиперкалиемия және бүйрек функциясы нашарлауының (жедел бүйрек жеткіліксіздігін қоса) өте жоғары даму жиілігімен байланысты екені баяндалды. Қосарлы бөгеу (мысалы, АӨФ тежегішін АРА II-мен біріктіргенде) бүйрек функциясына, калий мөлшеріне және АҚ деңгейіне мұқият мониторинг өткізілетін жекелеген жағдайлармен шектелуі тиіс.

Эстрамустин

Бірге қолдану ангионевроздық ісіну сияқты жағымсыз әсерлер қаупінің артуына әкелуі мүмкін.

Ко-тримоксазол (сульфаметоксазол + триметоприм)

Ко-тримоксазолмен (сульфаметоксазол + триметоприм) бір мезгілде қолднғанда гиперкалиемияның даму қаупі артуы мүмкін (4.4 бөлімін қараңыз).

Калий жинақтаушы диуретиктер (триамтерен, амилорид сияқты), калий тұздары

Гиперкалиемия (өліммен аяқталу мүмкіндігімен), әсіресе, бүйрек функциясының бұзылуында (гиперкалиемиямен байланысты аддитивті әсерлер).

Периндоприлді жоғарыда атап көрсетілген дәрілік препараттармен біріктіру ұсынылмайды (4.4 бөлімін қараңыз). Егер бірге қолдану көрсетілсе, оларды алдын ала сақтану шараларын қадағалаумен қолданып, қан сарысуындағы калий мөлшерін жүйелі бақылап отыру керек. Жүрек жеткіліксіздігінде спиронолактон қолдану ерекшеліктері әріқарай мәтінде сипатталған.

Литий препараттары

Литий препараттарын АӨФ тежегіштерін бірге қолданғанда қан сарысуындағы литий концентрациясының қайтымды жоғарылау және сонымен байланысты уытты әсерлері білінуі мүмкін. Периндоприл мен литий препараттарын бірге қолдану ұсынылмайды. Осындай біріктірілімді қолдану қажет болса, қан плазмасындағы литий концентрациясын жүйелі бақылап отыру керек (4.4 бөлімін қараңыз).

Ерекше сақтануды талап ететін бірге қолдану

Гипогликемиялық дәрілер (инсулин, ішке қабылдауға арналған гипогликемиялық дәрілер)

Эпидемиологиялық зерттеулер нәтижелері бойынша АӨФ тежегіштерін ішке қабылдауға арналған гипогликемиялық дәрілерді қолдану гипогликемия дамуына дейін апаратын гипогликемиялық әсерді күшейтуі мүмкін. Әдетте, бұл бір мезгілде ем жүргізудің алғашқы апталарында және бүйрек функциясының бұзылуы бар пациенттерде байқалады.

Баклофен

АӨФ тежегіштерінің гипертензияға қарсы әсерін күшейтеді. АҚ деңгейін және, қажет болған жағдайда, гипотензиялық препараттар дозалануын мұқият бақылап отыру керек.

Калий жинақталмайтын диуретиктер

АӨФ тежегішімен емдеудің басында, әсіресе, сұйықтықты және/немесе тұздарды шығаратын диуретиктер қабылдап жүрген пациенттерде шектен тыс АҚ төмендеуін байқауға болады, оның даму қаупін диурездік дәріні тоқтату жолымен, периндоприлмен емді бастау алдында жоғалған сұйықтық немесе тұз орнын толықтырумен, сондай-ақ периндоприлді төмен дозада тағайындап, әріқарай оны біртіндеп арттырумен азайтуға болады.

Артериялық гипертензияда, әсіресе, сұйықтықты және/немесе тұздарды шығаратын диуретиктер қабылдап жүрген пациенттерде диуретиктер АӨФ тежегішін қолданудың басталуына дейін тоқтатылуы тиіс (осы орайда калий жинақталмайтын диуретикті кешірек қайта тағайындауға болады), немесе АӨФ тежегіші төмен дозада тағайындалып, әріқарай ол біртіндеп арттырылуы тиіс.

Созылмалы жүрек жеткіліксіздігінде диуретиктер қолдану кезінде АӨФ тежегіші өте төмен дозада тағайындалуы тиіс, бұл бір мезгілде қолданылған калий жинақтамайтын диуретик дозасын азайтудан кейін мүмкін болады.

Барлық жағдайларда АӨФ тежегіштерін қолданудың алғашқы апталарында бүйрек функциясы (креатинин концентрациясы) бақылануы тиіс.

Калий жинақтайтын диуретиктер (эплеренон, спиронолактон):

Эплеренон немесе спиронолактонды тәулігіне 12,5 мг-ден 50 мг дейінгі дозаларда және АӨФ тежегіштерінің төмен дозаларын қолдану: NYHA жіктеуі бойынша II-IV функционалдық класына жататын жүрек жеткіліксіздігін $< 40\%$ сол жақ қарыншаның лықсу фракциясымен және бұрын қолданылған АӨФ тежегіштерімен және «іلمекті» диуретиктермен емдеу кезінде, әсіресе, препараттардың осы біріктіріліміне қатысты нұсқаулар қадағаланбаған жағдайда гиперкалиемия қаупі (өліммен аяқталу мүмкіндігімен) болады.

Дәрілік препараттардың осы біріктірілімін қолдану алдында гиперкалиемия мен бүйрек функциясының бұзылуы жоқ екеніне көз жеткізу қажет.

Қандағы креатинин және калий концентрациясын: емдеудің алғашқы айы ішінде апта сайын және келесі жолы ай сайын жүйелі бақылап отыру ұсынылады.

ҚҚСП, ацетилсалицил қышқылының жоғары (≥ 3 г/тәулік) дозаларын қоса

АӨФ тежегіштерін ҚҚСП-мен (қабынуға қарсы әсер көрсететін дозада ацетилсалицил қышқылы, циклооксигеназа-2 (ЦОГ-2) тежегіштері және селективті емес ҚҚСП) АӨФ тежегіштерінің гипертензияға қарсы әсерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бірге АӨФ тежегіштерін және ҚҚСП қолдану, жедел бүйрек жеткіліксіздігінің дамуын қоса, бүйрек функциясының нашарлауына және әсіресе емдеу басталғанша бүйрек функциясының төмендеп кеткен пациенттерде қан сарысуында калий мөлшерінің артуына алып келуі мүмкін. Аталған біріктірілім, әсіресе, егде жастағы пациенттерде тағайындалғанда сақ болу керек. Пациенттер талапқа сай сұйықтық ішуі тиіс, әрі емдеудің басында да, емдеу үдерісінде де бүйрек функциясын мұқият бақылап отыруға кеңес беріледі.

Рацекадотрил

АӨФ тежегіштерінің (мысалы, периндоприл) ангионевроздық ісінудің дамуын тудыруы мүмкін екені белгілі. Оның даму қаупі рацекадотрилмен (жедел диареяны емдеу үшін қолданылатын энкефалиназа тежегіші) бірге қолданғанда артуы мүмкін.

mTOR тежегіштері (сүт қоректілердің рапамицин нысаналары) (мысалы, сиролимус, эверолимус, темсиролимус)

mTOR тежегіштерімен бірге қолданғанда ангионевроздық ісінудің даму қаупі артады (4.4 бөлімін қараңыз).

Плазминогеннің рекомбинантты тіндік белсендіргіштері (rtPA, алтеплаза)

АӨФ тежегіштерін қабылдаған және жедел ишемиялық инсульт кезінде тромболитикоалық ем үшін алтеплаза алып жүрген пациенттер ангионевроздық ісінудің жоғары даму қаупі болуы мүмкін.

Белгілі бір сақтануды талап ететін бірге қолдану

Гипотензиялық препараттар және вазодилататорлар

Периндоприлдің гипертензияға қарсы әсері, қысқа және ұзақ әсер ететін нитраттарды қоса, басқа гипотензиялық, тамыр кеңейтетін дәрілермен бір мезгілде қолданғанда күшеюі мүмкін.

Глиптиндер (линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин)

АӨФ тежегіштерімен бірге қолдану глиптин әсер етуімен дипептидил-пептидаза-4 (DPP-IV) белсенділігінің төмендеуі салдарынан ангионевроздық ісінудің даму қаупін арттыруы мүмкін.

Трициклды антидепрессанттар, психозға қарсы препараттар (нейролептиктер) және жалпы анестезияға арналған дәрілер

АӨФ тежегіштерімен бірге қолдану гипертензияға қарсы әсерінің күшеюіне әкелуі мүмкін (4.4 бөлімін қараңыз).

Симпатомиметиктер

АӨФ тежегіштерінің гипертензияға қарсы әсерін әлсіретуі мүмкін.

Алтын препараттары

Алтын препаратын (натрий ауротиомалаты) вена ішіне алған пациенттер, периндоприлді қоса, АӨФ тежегіштерін қолдану кезіндегі сирек жағдайларда бет терісінің гиперемиясын, жүрек айну, құсу және артериялық гипертензиясын өзінде қамтитын симптомдар кешені – нитритоидты реакциялар дамуы хабарланды.

4.11. Фертильділік, жүктілік және лактация

Жүктілік

Престариум дәрілік препараты жүктілік кезінде қарсы көрсетілімді (4.3 бөлімін қараңыз).

Қазіргі таңда жүктіліктің бірінші триместрінде АӨФ тежегіштерін қабылдау кезіндегі тератогенді қауіп туралы бұлтарпас эпидемиологиялық деректер жоқ. Алайда, шарананың даму бұзылуларының туындау қаупінің аздап артуын жоққа шығаруға болмайды. Жүктілік жоспарланғанда, егер АӨФ тежегішімен емді жалғастыру өте қажет болып саналса, жүктілік кезеңінде қолдану үшін қауіпсіздік бейіні айқындалған гипертензияға қарсы басқа препараттарды қолдануға көшіру керек. Диагностикаланған жүктілікте, препараттар қабылдауды дереу тоқтату және қажет болса, баламалы ем тағайындау керек.

Жүктіліктің II және III триместрлерінде АӨФ тежегіштері әсерінің шарана дамуының бұзылуына (бүйрек функциясының төмендеуі, олигогидрамнион, бассүйек оссификациясының баяулауы) және жаңа туған нәрестеде асқынулардың дамуына (бүйрек жеткіліксіздігі, артериялық гипотензия, гиперкалиемия) әкелуі мүмкін екені белгілі.

Егер пациент әйел АӨФ тежегіштерін жүктіліктің II және III триместрінде қабылдаса, бассүйек сүйектерінің жағдайын және бүйрек функциясын бағалау үшін ультрадыбыстық тексеру өткізу ұсынылады.

Анасы жүктілік кезінде АӨФ тежегішін қабылдаған жаңа туған нәрестелер, артериялық гипотензия даму қаупіне орай, қадағалауда болуы тиіс (4.3 және 4.4 бөлімдерін қараңыз).

Лактация

Периндоприлді бала емізу кезеңінде қолдануға қатысты ақпарат болмауына орай, оны қабылдау ұсынылмайды. Бала емізу кезеңінде, әсіресе, жаңа туған немесе шала туған нәрестелерді қоректендіру кезінде қауіпсіздік бейіні барынша зерттелген басқа препараттарды қолданған дұрыс.

Фертильділік

Ұрпақ өрбіту функциясына немесе фертильділікке ықпалы анықталмады.

4.7 Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу қабілетіне әсері

Престариум дәрілік препаратын көлік құралдарын басқаратын және жоғары зейін қою мен шапшаң реакцияны талап ететін қызмет түрлерімен шұғылданатын пациенттерге, артериялық гипертензия мен бас айнарудың даму қауіптілігіне байланысты, сақтықпен қолдану керек.

4.6 Жағымсыз реакциялар

Қауіпсіздік бейіні түйіндемесі

Периндоприл қауіпсіздігінің бейіні АӨФ тежегіштерінің қауіпсіздік бейініне сәйкес келеді.

Клиникалық зерттеулер жүргізу кезінде білінген периндоприл қабылдау кезіндегі ең көп жиі жағымсыз реакциялар: бас айналу, бас ауыру, парестезия, вертиго, көру бұзылулары, құлақтағы шыңыл, артериялық гипотензия, жөтел, енгігу, іштің ауыруы, іш қату, диарея, дисгевзия (дәм сезу бұзылысы), диспепсия, жүрек айну, құсу, тері қышынуы, тері бөртпесі, бұлшықеттер түйілуі және астения.

Жағымсыз реакциялардың кестелік түйіндемесі

Төменде атап көрсетілген, клиникалық зерттеулер жүргізу және/немесе периндоприлді тіркеуден кейін қолдану кезінде білінген жағымсыз реакциялар келесі бөліктерге бөлу түрінде келтірілген: өте жиі ($\geq 1/10$); жиі ($\geq 1/100, < 1/10$); жиі емес ($\geq 1/1000, < 1/100$); сирек ($\geq 1/10000, < 1/1000$); өте сирек ($< 1/10000$); жиілігі анықталмаған (қолжетімді деректер бойынша жиілігін есептеп шығару мүмкін емес).

2 кесте. Жағымсыз реакциялардың кестелік түйіндемесі

MedDRA Ағзалар кластары және жүйелері	Жағымсыз реакциялар	Жиілігі
Қан және лимфа жүйесі тарапынан бұзылулар	Эозинофилия	Жиі емес*
	Агранулоцитоз немесе панцитопения	Өте сирек
	Гемоглобин және гематокрит төмендеуі	Өте сирек
	Лейкопения/нейтропения	Өте сирек
	Туа біткен глюкоза-6- фосфатдегидрогеназа жеткіліксіздігі бар пациенттердегі гемолиздік анемия	Өте сирек
	Тромбоцитопения	Өте сирек
Метаболизм және тамақтану тарапынан бұзылулар	Гипогликемия (4.4 және 4.5 бөлімдерін қараңыз)	Жиі емес*
	Препаратты тоқтатудан кейін қайтымды болатын	Жиі емес*

	гиперкалиемиа (4.4 бөлімін қараңыз)	
	Гипонатриемиа	Жиі емес*
Психикалық бұзылулар	Көңіл-күй құбылуы	Жиі емес
	Ұйқы бұзылуы	Жиі емес
Жүйке жүйесі тарапынан бұзылулар	Бас айналу	Жиі
	Бас ауыру	Жиі
	Парестезия	Жиі
	Вертиго	Жиі
	Ұйқышылдық	Жиі емес*
	Естен тану	Жиі емес*
	Сананың шатасуы	Өте сирек
Көру мүшесі тарапынан бұзылулар	Көру бұзылуы	Жиі
Есту мүшесі және құлақ иірі тарапынан бұзылулар	Құлақтағы шыңыл	Жиі
Жүрек тарапынан бұзылулар	Жүрек дүрсілдеуін сезіну	Жиі емес*
	Тахикардия	Жиі емес*
	Стенокардия (4.4 бөлімін қараңыз)	Өте сирек
	Аритмия	Өте сирек
	Жоғары қауіп тобындағы пациенттерде шамадан тыс АҚ төмендеуі салдарынан болуы мүмкін миокард инфарктісі (4.4 бөлімін қараңыз)	Өте сирек
Тамырлар тарапынан бұзылулар	Артериялық гипотензия (шамадан тыс АҚ төмендеуі) және онымен байланысты симптомдар	Жиі
	Васкулит	Жиі емес*

	Жоғары қауіп тобындағы пациенттерде шамадан тыс АҚ төмендеуі салдарынан болуы мүмкін инсульт (4.4 бөлімін қараңыз)	Өте сирек
	Рейно синдромы	Жиілігі анықталмаған
Тыныс алу жүйесі, кеуде қуысы және көкірек ортасы ағзалары тарапынан бұзылулар	Жөтел	Жиі
	Ентігу	Жиі
	Бронх түйілуі	Жиі емес
	Эозинофилиялық пневмония	Өте сирек
	Ринит	Өте сирек
Асқазан-ішек бұзылулары	Іштің ауыруы	Жиі
	Іш қату	Жиі
	Диарея	Жиі
	Дисгевзия (дәм сезу бұзылысы)	Жиі
	Диспепсия	Жиі
	Жүрек айну	Жиі
	Құсу	Жиі
	Ауыз кеберсуі	Жиі емес
	Панкреатит	Өте сирек
Бауыр және өт шығару жолдары тарапынан бұзылулар	Гепатит (холестаздық немесе цитолиттік) (4.4 бөлімін қараңыз).	Өте сирек
Тері және тері асты тіндері тарапынан бұзылулар	Тері қышынуы	Жиі
	Тері бөртпесі	Жиі
	Есекжем (4.4 бөлімін қараңыз)	Жиі емес
	Бет, аяқ-қол, ерін, шырышты қабықтар, тіл, дауыс қатпарларының және/немесе көмейдің	Жиі емес

	ангионевроздық ісінуі (4.4 бөлімін қараңыз)	
	Фотосезімталдық реакциялары	Жиі емес*
	Пемфигоид	Жиі емес*
	Қатты терлеп кету	Жиі емес
	Ппсориаз өршуі	Сирек*
	Көп пішінді эритема	Өте сирек
Бұлшықет, қаңқа және дәнекер тіндер тарапынан бұзылулар	Бұлшықеттердің түйілуі	Жиі
	Артралгия	Жиі емес*
	Миалгия	Жиі емес*
Бүйрек және несеп шығару жолдары тарапынан бұзылулар	Бүйрек жеткіліксіздігі	Жиі емес
	Жедел бүйрек жеткіліксіздігі	Өте сирек
Ұрпақ өрбіту жүйесі және сүт бездері тарапынан бұзылулар	Эректильді дисфункция	Жиі емес
Жалпы бұзылулар және енгізген жердегі реакциялар	Астения	Жиі
	Кеуде қуысының ауыруы	Жиі емес*
	Дімкәстану	Жиі емес*
	Шеткері ісінулер	Жиі емес*
	Қызба	Жиі емес*
Зертханалық және құралмен тексеру деректері	Қанда мочевина концентрациясының жоғарылауы	Жиі емес*
	Қанда креатинин концентрациясының жоғарылауы	Жиі емес*
	Қанда билирубин концентрациясының жоғарылауы	Сирек
	«Бауыр» ферменттері белсенділігінің жоғарылауы	Сирек

Жарақаттар, уыттанулар және емшаралар асқынулары	Құлап қалу	Жиі емес*
---	------------	-----------

* Өздігінен келіп түскен хабарламалардан анықталған жағымсыз реакциялар жиілігін бағалау клиникалық зерттеулер нәтижелерінің деректері негізінде жүргізілді.

Басқа АӨФ тежегіштерімен қолданғанда диурезге қарсы гормонның талапқа сай емес секрециясы синдромының (ДҚГСТС) дамуы хабарланды. ДҚГСТС туындау жиілігі бойынша өте сирек, бірақ, периндоприлді қоса, АӨФ тежегіштерімен ем себебінен болуы мүмкін асқынуларға жатады.

Клиникалық зерттеулерде аталған жағымсыз құбылыстар

EUROPA зерттеуінде тек күрделі жағымсыз құбылыстарды тіркеу жүргізілді. Күрделі жағымсыз құбылыстар периндоприл тобында 16 пациентте (0,3%), ал плацебо тобында 12 пациентте (0,2%) аталды. Периндоприл тобындағы 6 пациентте айқын АҚ төмендеуі, 3 пациентте ангионевроздық ісіну, 1 пациентте жүректің кенеттен тоқтауы болды. Жөтел, айқын АҚ төмендеуі немесе басқа жақпаушылық жағдайлары салдарынан препаратты тоқтату жиілігі, плацебо тобымен салыстырғанда, периндоприл тобында жоғары болды.

Күмәнді жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Дәрілік препараттың «пайда-қауіп» арақатынасына үздіксіз мониторингті қамтамасыз ету мақсатында дәрілік препаратты тіркеуден кейін күмән тудыратын жағымсыз реакциялар туралы хабарлау маңызды. Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерге Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердің жағымсыз реакциялар туралы ұлттық хабарландыру жүйелері арқылы дәрілік препараттың кез келген күмәнді жағымсыз реакциялары туралы мәлімдеуге кеңес беріледі.

Ресей Федерациясы

109074, Мәскеу қ., Славян ауданы, 4 үй, 1 кұр.

Денсаулық сақтау саласын қадағалау жөніндегі федералдық қызмет

Тел.: +7 (495) 698 45 38, +7 (495) 578 02 30

Факс: +7 (495) 698 15 73

Эл. пошта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

Армения Республикасы

0051, Ереван қ., Комитас д-лы, 49/4

«Академик Э. Габриелян атындағы дәрілер мен медициналық технологияларды ұлттық сараптау орталығы» ЖТАҚ

Тел.: (+374 10) 231682, 230896, 234732, 232091

Факс: (+374 10) 232118, 232942

Дәрілік заттар қауіпсіздігін мониторингтеу бөлімінің жедел желі телефоны:

(+374 10) 200505, (+374 96) 220505

Эл. пошта: admin@pharm.am, vigilance@pharm.am

<http://pharm.am>

Беларусь Республикасы

220037, Минск қ., Товарищеский түйық көшесі, 2а

«Денсаулық сақтау саласында сараптамалар мен сынақтар өткізу орталығы» УК

Тел.: +375-17-299-55-14

Факс: +375-17-299-53-58

Фармакологиялық қадағалау бөлімінің телефоны: + 375-17-242-00-29

Эл. пошта: rceth@rceth.by, rcpl@rceth.by

<http://www.rceth.by>

Қазақстан Республикасы

010000, Нұр-Сұлтан қ., Алматы ауданы, Бауыржан Момышұлы д-лы, 2/3

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (7172) 78-99-11

Эл. пошта: farm@dari.kz

<http://www.ndda.kz>

Қырғыз Республикасы

720044, Бішкек қ., 3-ші линия к-сі, 25

Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Дәрілік қамтамасыз ету және медициналық техника департаменті

Тел.: +996 (312) 21 92 78

Эл. пошта: dloimt@pharm.kg

<http://pharm.kg>

4.9. Артық дозалану

Препараттың адамда артық дозалануы туралы деректер шектеулі.

Симптомдары

АӨФ тежегіштерімен артық дозалануға байланысты симптомдар: айқын АҚ төмендеуін, айналымдық шок, су-электролит теңгерімінің бұзылуын, бүйрек жеткіліксіздігін, асқын желдетілу, тахикардия, жүрек соғуын сезіну, брадикардия, бас айналу, мазасыздық және жөтелді қамтуы мүмкін.

Емдеу

Артық дозалану кезінде ұсынылатын емдеу әдісі натрий хлоридінің 0,9% ерітіндісін вена ішіне енгізу болып табылады. АҚ айқын төмендегенде пациентті аяқтарын көтеріңкіреп шалқасынан «жату» қалпына көшіру керек. Қажет болса, вена ішіне ангиотензин II және/немесе катехоламиндер ерітіндісін енгізуге болады. Диализ көмегімен периндоприлді жүйелі қан ағымынан шығаруға болады (4.4 бөлімін қараңыз). Емге төзімді брадикардия дамығанда электрокардиостимулятор қою қажет болуы мүмкін.

Организмнің негізгі тіршілік функцияларының көрсеткіштерін, қан сарысуындағы креатинин және электролиттер концентрациясын тұрақты бақылап отыру қажет.

5. ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

10.1. Фармакодинамикалық қасиеттері

Фармакотерапиялық тобы: ангиотензин өзгертуші фермент (АӨФ) тежегіші

АТХ коды: C09AA04

Әсер ету механизмі

Периндоприл – I ангиотензинді II ангиотензинге өзгертетін фермент тежегіші.

АӨФ немесе II кининаза I ангиотензинді тамыр тарылтатын зат - II ангиотензинге айналдыруды да, тамыр кеңейтетін әсері бар брадикининнің белсенді емес гептапептидке дейін ыдырауын да жүзеге асыратын экзопептидаза болып табылады. АӨФ тежелісі қан плазмасында ангиотензин II концентрациясының төмендеуіне әкеледі, бұл қан плазмасында ренин белсенділігінің жоғарылауын («теріс кері байланыс» механизмі бойынша) және альдостерон секрециясының азаюын туындатады.

Ангиотензин өзгертуші фермент брадикининді белсенділігінен айыратындықтан, АӨФ бәсеңдеуі әрі айналымдық, әрі тіндік калликреин-кинин жүйесі белсенділігінің жоғарылауымен қатар жүреді, осы орайда простагландиндер жүйесі де белсенділенеді. Осы

әсері АӨФ тежегіштерінің гипертензияға қарсы әсер ету механизмінің, сондай-ақ аталған класс препараттарының кейбір жағымсыз әсерлерінің (мысалы, жөтел) даму механизмінің бір бөлігі болуы мүмкін.

Периндоприл белсенді метаболиті - периндоприлат арқасында емдік әсерін көрсетеді. Басқа метаболиттер *in vitro* АӨФ тарапынан тежеу әсерін көрсетпейді.

Клиникалық тиімділігі және қауіпсіздігі

Артериялық гипертензия

Периндоприл ауырлығы кез келген дәрежедегі артериялық гипертензия емінде тиімді. Препаратты қолдану аясында пациенттің «жатқан» және «тұрған» қалпында систолалық та, диастолалық та артериялық қысымының (АҚ) төмендеуі білінеді.

Периндоприл жалпы шеткері тамыр кедергісін (ЖШТК) азайтады, бұл АҚ төмендеуіне әкеледі, осы орайда, жүректің жиырылу жиілігін (ЖЖЖ) өзгертусіз шеткері қан ағымы жеделдейді.

Әдетте, периндоприл бүйрек қан ағымының ұлғаюына алып келеді, бұл ретте шумақтық сүзілу жылдамдығы өзгермейді.

Препарат гипертензияға қарсы әсеріне бір рет ішке қабылдаудан кейін 4-6 сағаттан соң жетеді және 24 сағат бойы сақталады. Ішке қабылдаудан кейін 24 сағат өткен соң АӨФ айқын қалдық тежелісі (шамамен 87-100%) байқалады.

АҚ төмендеуіне барынша тез жетуге болады. Емдеуге оң жауап берген пациенттерде АҚ қалыпқа түсуі бір ай ішінде болады және тахифилаксия дамуынсыз сақталады.

Емдеуді тоқтату «рикошет» әсерінің дамуымен қатар жүрмейді.

Периндоприл тамыр кеңейтетін әсерін көрсетеді, ірі артериялар серпімділігінің және ұсақ артериялардың тамыр жақтауы құрылымының қалыпқа келуіне ықпал етеді, сондай-ақ сол жақ қарынша гипертрофиясын азайтады.

Тиазидті диуретиктерді бірге тағайындау гипертензияға қарсы әсер ету айқындылығын күшейтеді. Бұдан бөлек, АӨФ тежегішін және тиазидті диуретикті біріктіру де диуретиктер қабылдау аясында гипокалиемия даму қаупінің төмендеуіне әкеледі.

Жүрек жеткіліксіздігі

Периндоприл алдыңғы жүктеме мен кейінгі жүктемені төмендете отырып, жүрек жұмысын қалыпқа келтіреді.

Периндоприл қабылдаған созылмалы жүрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде анықталды:

- жүректің сол жақ және оң жақ қарыншаларында толу қысымының төмендеуі;
- жалпы шеткері тамыр кедергісінің төмендеуі;

- жүрек лықсуының ұлғаюы және жүрек индексінің артуы.

Препаратты зерттеу, плацебомен салыстырғанда, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі (NYHA жіктеуі бойынша II - III функционалдық класы) бар пациенттерде 2,5 мг Престариум дәрілік препаратын бірінші қабылдаудан кейінгі АҚ өзгеруінің плацебо қабылдаудан кейін байқалған АҚ өзгерісінен статистикалық нақты ерекшеленбегенін көрсетті.

Цереброваскулярлық аурулар

ПРОГРЕСС зерттеуінің нәтижелері анамнезінде цереброваскулярлық аурулар бар пациенттерде 4 жыл бойы жүргізілген периндоприлмен белсенді емдеудің (монотерапия немесе индапамидпен біріктірілімде) қайталанатын инсульт даму қаупіне әсері бағаланды. Периндоприл третбутиламинін екі апта бойы күніне бір рет 2 мг (2,5 мг периндоприл аргининіне баламалы), ал артынша келесі екі апта бойы күніне бір рет 4 мг (5 мг периндоприл аргининіне баламалы) қолданудың кіріспе кезеңінен кейін 6105 пациент екі топқа рандомизацияланды: плацебо (n = 3054) және 4 мг (5 мг периндоприл аргининіне сәйкес келетін) периндоприл третбутиламині (монотерапия) немесе индапамидпен біріктірілімде (n = 3051). Индапамид диуретиктерді қолдануға тікелей көрсетілімдері немесе қарсы көрсетілімдері жоқ пациенттерге қосымша тағайындалды. Аталған ем инсульт және/немесе артериялық гипертензия немесе басқа патологиялық жай-күйлердің стандартты еміне қосымша тағайындалды. Барлық рандомизацияланған пациенттердің анамнезінде соңғы 5 жыл ішінде цереброваскулярлық аурулар (инсульт немесе транзиторлы ишемиялық шабуыл) болды. АҚ шамасы қосылуға критерий емес: 2916 пациентте артериялық гипертензия және 3189-да АҚ қалыпты болды. АҚ (систолалық/диастолалық) шамасы, 3,9 жылдан соң, орта есеппен, 9,0/4,0 мм сын. бағ. төмендеді. Қайталанатын инсульт (ишемиялық та, геморрагиялық та) туындау қаупінің, плацебомен салыстырғанда, шамамен 28% елеулі төмендеуі де көрсетілді (10,1% және 13,8%).

Қосымша қауіптің елеулі төмендеуі көрсетілді:

- өлімге ұшырататын немесе мүгедектікке әкелетін инсульттер;
- миокард инфарктісін қоса, оның ішінде өліммен яқталатын негізгі жүрек-қантамырлық асқынулар;
- инсультпен байланысты деменциялар;
- когнитивті функциялардың күрделі нашарлауы.

Бұл жасына, жынысына, қант диабетінің болуына немесе болмауына және инсульт типіне қарамастан, артериялық гипертензия бар пациенттерде де, қалыпты АҚ кезінде де білінді.

Жүректің тұрақты ишемиялық ауруы (ЖИА)

Созылмалы жүрек жеткіліксіздігінің клиникалық симптомдарынсыз тұрақты ЖИА бар пациенттерде (18 жастан асқан 12218 пациент) периндоприл қолдану тиімділігі 4 жылдық зерттеу барысында зерттелді. Зерттеуге қатысушылардың 90%-ы бұрын жедел миокард инфарктісін және/немесе реваскуляризация емшарасын өткерген. Пациенттердің көпшілігі зерттелетін препараттан тыс антиагреганттар, гиполипидемиялық дәрілер және бета-блокаторларды қоса, стандартты ем қабылдады. Негізгі тиімділік критерийі ретінде жүрек-қантамырлық өлімге ұшырауды, өлім қаупінсіз миокард инфарктісін және/немесе реанимациясы сәтті жүректің тоқтап қалуын қамтитын біріктірілген соңғы нүкте таңдалды. Периндоприл эрбуминімен 8 мг дозада емдеу (10 мг периндоприл аргининіне баламалы) біріктірілген соңғы нүктенің абсолютті басталу қаупінің 1,9% елеулі төмендеуіне әкелді (салыстырмалы қауіп төмендеуі – 20%).

Бұрын миокард инфарктісін алған немесе реваскуляризация жасалған пациенттерде, плацебо тобымен салыстырғанда, абсолютті қауіп төмендеуі 2,2% құрады (салыстырмалы қауіп төмендеуі – 22,4%).

Ренин-ангиотензин-альдостерон жүйесін (РААЖ) қосарлы бөгеу

АӨФ тежегішін және ангиотензин II рецепторының антагонисін (АРА II) қолданумен біріктірілген емге жүргізілген клиникалық зерттеулер деректері бар.

Анамнезінде кардиоваскулярлық немесе цереброваскулярлық ауру немесе нысана-ағзаның расталған зақымдануымен қатар жүретін 2 типті қант диабеті бар пациенттердің қатысуымен клиникалық зерттеу, сондай-ақ 2 типті қант диабеті мен диабеттік нефропатия бар пациенттердің қатысуымен зерттеулер жүргізілді.

Зерттеулер деректерінде біріктірілген емнің бүйректік және/немесе кардиоваскулярлық оқиғалардың туындауына және өлімге ұшырау көрсеткіштеріне маңызды оң әсері анықталмады, ал монотерапиямен салыстырғанда, гиперкалиемия, жедел бүйрек жеткіліксіздігі және/немесе артериялық гипотензияның даму қаупі артты.

АӨФ тежегіштері мен АРА II топшілік фармакодинамикалық қасиеттерінің ұқсас екенін ескеріп, осы нәтижелердің басқа препараттардың кез келгенінің, АӨФ тежегіштері мен АРА II кластары өкілдерінің өзара әрекеттесуіне тән екенін күтуге болады.

Сондықтан диабеттік нефропатия бар пациенттерде АӨФ тежегіштері мен АРА II бірге қолдану қарсы көрсетілімді.

Қант диабетінің 2 типі және созылмалы бүйрек ауруы немесе кардиоваскулярлық ауруы немесе осы аурулардың бірігуі бар пациенттерде АӨФ тежегіштері мен АРА II стандартты еміне алискренді қосудың оң әсері бағаланатын клиникалық зерттеу деректері бар. Зерттеу қолайсыз нәтижелердің туындау қаупінің артуына байланысты мерзімінен бұрын

тоқтатылды. Кардиоваскулярлық өлім мен инсульт, плацебо тобымен салыстырғанда, алискрен қабылдайтын пациенттер тобында жиірек аталды; сонымен қатар, жағымсыз құбылыстар мен ерекше мүдде тудыратын күрделі жағымсыз құбылыстар (гиперкалиемия, артериялық гипотензия және бүйрек функциясының бұзылулары), плацебо тобына қарағанда, алискрен тобында жиірек тіркелді.

Балалар және жасөспірімдер

Балаларда және 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерде периндоприл қолдану тиімділігі мен қауіпсіздігі анықталмады.

Периндоприлді, орта есеппен, 0,07 мг/кг дозада қабылдаған, дене беткейі ауданына > 30 мл/мин/1,73 м² шумақтық сүзілу жылдамдығымен артериялық гипертензияға шалдыққан 2-ден 15 жасқа дейінгі 62 пациенттің қатысуымен клиникалық зерттеулер деректері бар. Доза пациенттің жалпы жай-күйіне және оның емге жауабы ретіндегі артериялық қысым көрсеткіштеріне қарай әркімге жеке таңдалды, бұл ретте ең жоғары доза 0,135 мг/кг/тәулік құрады.

59 пациент 3 айға созылатын зерттеуге қатысты, ал 36 пациент кемінде 24 айға созылатын зерттеудің ұзартылған кезеңін аяқтады (зерттеуге қатысудың орташа ұзақтығы 44 ай).

Систолалық және диастолалық артериялық қысым көрсеткіштері зерттеудің бүкіл кезеңі бойына (зерттеуге қосылған сәттен бастап қорытынды бағалауға дейін) бұрын басқа гипотензиялық дәрілер қабылдаған пациенттерде тұрақты күйде қалды және бұрын гипотензиялық ем алмаған пациенттерде төмендеді.

Соңғы анықтау тұсында 75%-дан астам балаларда систолалық және диастолалық АҚ 95-ші процентильден аз болды.

Осы зерттеуден алынған қауіпсіздік деректері периндоприл қолдану қауіпсіздігіне қатысты бұрыннан бар ақпаратқа сәйкес келеді.

10.2. Фармакокинетикалық қасиеттері

Сіңірілуі

Ішке қабылдағанда периндоприл асқазан-ішек жолында тез сіңеді, қан плазмасында ең жоғары концентрациясына (C_{max}) 1 сағат өткенде жетеді. Периндоприлдің қан плазмасынан жартылай шығарылу кезеңі ($T_{1/2}$) 1 сағатқа созылады.

Таралуы

Бос периндоприлаттың таралу көлемі шамамен 0,2 л/кг құрайды. Периндоприлаттың қан плазмасы ақуыздарымен, ең алдымен, АӨФ-мен байланысуы 20% құрайды, әрі дозаға тәуелді сипатта болады.

Биотрансформациясы

Периндоприлдің фармакологиялық белсенділігі жоқ. Сіңірілген периндоприлдің жалпы мөлшерінің 27% жуығы периндоприлат белсенді метаболиті түрінде қан ағымына енеді. Периндоприлаттан тыс, фармакологиялық белсенділігі жоқ тағы 5 метаболит түзіледі. Қан плазмасында периндоприлат C_{\max} мәніне ішке қабылдаудан кейін 3-4 сағат өткен соң жетеді.

Ас ішу периндоприлдің периндоприлатқа айналуын баяулатады, осылайша, биожетімділігіне ықпал етеді. Сондықтан препаратты тәулігіне 1 рет таңертең тамақтану алдында ішке қабылдау керек.

Периндоприл дозасы мен оның плазмадағы концентрациясы арасындағы тәуелділіктің дозаға байланысты сипатта болатыны көрсетілді.

Элиминациясы

Периндоприлат организмнен бүйрекпен шығарылады, ал бос фракциясының соңғы жартылай шығарылу кезеңі 17 сағатқа жуық созылады, нәтижесінде 4 тәулік ішінде тепе-теңдік күйіне жетеді.

Пациенттердің ерекше топтары

Периндоприлат шығарылуы егде жастағы пациенттерде, сондай-ақ жүрек және бүйрек жеткіліксіздігі бар пациенттерде баяулайды.

Периндоприлаттың диализдік клиренсі 70 мл/мин құрайды.

Бауыр циррозы бар пациенттерде периндоприлдің бауырлық клиренсі 2 есе азаяды. Дегенмен де, түзілген периндоприлат мөлшері азаймайды, ал препарат дозасын түзету қажет емес (4.2 және 4.4 бөлімдерін қараңыз).

10.3. Клиникаға дейінгі қауіпсіздік деректері

Пероральді қабылдау кезіндегі созылмалы уыттылығының зерттеулерінде (егеукұйрықтар мен маймылдарда) рецептор-ағза бүйрек болып табылады, бұзылулар қайтымды сипатта болады.

In vitro және *in vivo* зерттеулерінде мутагенділігі білінбеді.

Тұқым өрбіту қабілетіне уыттылығының зерттеулерінде (егеуқұйрықтар, тышқандар, үй қояндары және маймылдарда) эмбриоуыттылық немесе тератогенділік белгілері анықталмады. Алайда, ангиотензин өзгертуші фермент тежегіштерінің, класс ретінде, ұрықтың кейінгі кезеңдегі дамуына жайсыз әсерін тигізетіні көрсетілді, бұл кеміргіштер мен үй қояндарында төлдің өліп қалуына және туа біткен ақауларға алып келеді: бүйрек зақымдануы мен перинатальді және постнатальді өлімге көп ұшырау байқалды. Фертильділік егеуқұйрықтардың еркегінде де, ұрғашысында да бұзылмаған. Егеуқұйрықтар мен тышқандарға жүргізілген ұзақ мерзімді зерттеулерде канцерогенділік байқалмады.

6. ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

6.1.Қосымша заттар тізбесі

Престариум, 5 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар:

Ядро:

Лактоза моногидраты

Магний стеараты

Мальтодекстрин

Коллоидты гидрофобты кремнийдің қостотығы

Натрий карбоксиметилкрахмалы

Үлбірлі қабық құрамы:

- ашық жасыл түсті үлбірлі қабығына арналған премикс:

глицерол (Е 422а),

гипромеллоза (Е 464),

макрогол 6000,

магний стеараты,

титанның қостотығы (Е 171),

мыс хлорофиллині (Е 141(ii)),

- макрогол 6000.

Престариум, 10 мг, үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар

Ядро:

Лактоза моногидраты

Магний стеараты

Мальтодекстрин

Коллоидты гидрофобты кремнийдің қостотығы

Натрий карбоксиметилкрахмалы

Үлбірлі қабық құрамы:

- жасыл түсті үлбірлі қабығына арналған премикс:

глицерол (E 422a),

гипромеллоза (E 464),

макрогол 6000,

магний стеараты,

титанның қостотығы (E 171),

мыс хлорофиллині (E 141(ii)),

- макрогол 6000

6.2. Үйлесімсіздік

Қатысты емес.

6.3. Жарамдылық мерзімі

3 жыл.

6.4. Сақтау кезіндегі айрықша сақтандыру шаралары

30⁰ С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

6.5. Бірінші қаптаманың сипаты және ішіндегісі

5 мг таблеткалар

30 таблеткадан құрамында ылғал сіңіргіш гель бар тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған тығынмен және тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған дозатормен жабдықталған полипропилен құтыда. 1 құтыдан қосымша парағымен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

10 мг таблеткалар

30 таблеткадан құрамында ылғал сіңіргіш гель бар тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған тығынмен және тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған дозатормен жабдықталған полипропилен құтыда. 1 құтыдан қосымша парағымен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

Стационарларға арналған қаптама («СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ, Ресей өндірісі)

30 таблеткадан құрамында ылғал сіңіргіш гель бар тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған тығынмен және тығыздығы төмен полиэтиленнен жасалған дозатормен жабдықталған полипропилен құтыда.

30 таблеткалық 3 құтыдан қосымша парақтарымен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

6.6. Пайдаланылған дәрілік препаратты немесе дәрілік препаратты қолданудан кейін алынған қалдықтарды жою кезіндегі ерекше сақтану шаралары және препаратпен жасалатын басқа манипуляциялар

Ерекше талаптар жоқ. Бүкіл қалған дәрілік препаратты және қалдықтарын ұлттық заңнама белгілеген талаптарға сәйкес жою керек.

7. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ ҰСТАУШЫСЫ

«Лаборатории Сервье»

50, Карно к-сі, 92284 Сюрен Седекс, Франция

7.1. ТІРКЕУ КУӘЛІГІ ҰСТАУШЫСЫНЫҢ ӨКІЛІ

Тұтынушылар шағымдарын мына мекенжайға жолдау керек:

Препарат туралы кез келген ақпарат алу үшін, сондай-ақ шағымдар пайда болған жағдайда тіркеу куәлігі ұстаушысының өкіліне немесе тіркеу куәлігінің ұстаушысына хабарласу керек:

Ресей Федерациясы

«Сервье» АҚ

Адрес: 125196, Мәскеу қ., Лесная к-сі,
7 үй, 7/8/9 қабат

Тел.: +7 (495) 937 07 00

Факс: +7 (495) 937 07 01

Эл. пошта: servier.russia@servier.com

Қазақстан Республикасы және Қырғыз
Республикасы

«Сервье Казахстан» ЖШС

Мекенжай: 050020, Алматы қ., Достық
д-лы 310Г

Тел.: +7 (727) 386 76 62

Эл. пошта: kazadinfo@servier.com

Беларусь Республикасы

Беларусь Республикасындағы «Les
Laboratoires Servier» (Француз

Республикасы) УАҚ өкілдігі

Мекенжай: 220030, Минск қ. Мясников
к-сі, 70, 303 кеңсе

Тел.: +375 (17) 306 54 55/56

Эл. пошта: OfficeBY@servier.com

Армения Республикасы

«Лаборатории Сервье» өкілдігі

Мекенжай: 0001, Ереван қ., Северный
проспект 1, «Норд» бизнес орталығы

Тел.: (+374 10) 505074

Эл. пошта: mariam.antonyan@servier.com

8. ТІРКЕУ КУӘЛІГІНІҢ НӨМІРІ

Ресей Федерациясында: ЛП-№(000574)-(РГ-RU)
Беларусь Республикасында: ЛП-№000574-ГП-ВУ
Қырғыз Республикасында: ЛП-№000574-ГП-КГ
Қазақстан Республикасында: ЛП-№000574-ГП-КЗ
Армения Республикасы: ЛП-№(000574)-(ГП-АМ)

9. БАСТАПҚЫ ТІРКЕЛГЕН (ТІРКЕУ, ҚАЙТА ТІРКЕУ РАСТАЛҒАН) КҮН

Бірінші тіркеу күні:

Ресей Федерациясында: 16.02.2022
Беларусь Республикасында: 28.09.2022
Қырғыз Республикасында: 02.12.2022
Қазақстан Республикасында: 10.03.2023
Армения Республикасы: 11.08.2023

10. МӘТІН ҚАЙТА ҚАРАЛҒАН КҮН

Престариум дәрілік препаратының жалпы сипаттамасын Еуразиялық экономикалық одақ «Интернет» ақпараттық-коммуникациялық желісінің <https://eec.eaeunion.org> порталынан қарауға болады.

Дата утверждения ОХЛП 16.12.2025.